

Жумагелдин Жанайдар Шаймерденұлы,  
филология магистрі,  
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,  
филология факультеті, қазақ әдебиеті кафедрасы.  
Қарағанды, Қазақстан

## Иранбек Оразбаев поэзиясының көркемдігі

### Түйін

Бұл мақалада қазіргі қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар ақын Иранбек Оразбаевтың ақындық болмысы, өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктері қарастырылады. Иран-Ғайып поэзиясының көркемдік жүйесінен тақырып әр алуандығы, ізденіс мұраттары, өлең өрісі мен ондағы өмір өнегелері, кеңінен көрініс береді. Ең негізгісі, оның ақындығы адами болмысты бейнелеуден ізгілікке құштарлықтан өмір уақыт тынысын сезініп отырады. Демек, ақын поэзиясындағы көркемдік қабылдау, арналарынан қоғам, кезең көріністері бар сыр-сипаттарымен даралана түсетіндігі талданады.

**Тірек сөздер:** поэзия, қазіргі қазақ әдебиеті, өлең, махаббат, поэма, әдебиет, ұлт, халық

### Резюме

В настоящей статье рассматриваются особенности поэтического творчества поэта Иранбека Оразбаева, который занимает особое место в современной казахской литературе. Иран-Ғайып отличается своеобразным стилем, заключающимся в отражении правдивых жизненных ситуаций. Поэт рассматривает жизненные проблемы с философской точки зрения. Исследуется актуальность его поэтических произведений, которая заключается в реалистичном отражении жизни современного общества. Кроме того рассмотрены художественное мастерство поэта и психологические аспекты его произведений.

**Ключевая слова:** поэзия, современная казахская литература, лирика, любовь, поэма, литература, нация, народ

### Abstract

This article discusses the features of poetry poet Iranbek Orazbayev, which occupies a special place in the modern Kazakh literature. Iran-Faiyp distinguished original style, is the reflection of truth situations. So consider the problems of life from a philosophical point of view. We investigate the relevance of his poetry, which is a realistic reflection of modern society. Also considered artistic skill of the poet and the psychological aspects of his works.

**Keywords:** poetry, modern Kazakh literature, poetry, love, poem, literature, nation, people

Қазіргі қазақ поэзиясы көркемдік деңгейіне қоса жанрлық жағынан да түрлену, толысу үстінде екендігіне ешкімнің де шүбәланбасы шындық. Рас, қазақ поэзиясы поэма-дастандарға баяғы заманнан бай. Ал бүгінгі таңда осы

байырғы жанрдың тақырыптық жағынан түрлене түсуі туған әдебиетіміздің толысқандығына тағы бір дәлел. Осы орайда драмалық дастандары жазылып, жарияланып, тіпті көптеген театр сахналарында қойылған ақын Иранбектің есімі ерекше аталуға тиіс.

Өлеңнің негізгі құрамы – сөз бен ой. Ойды жеткізуші сөзді сұлулап жеткізу бар да, өткір қылыштың жүзінде ойнатып, жүрек қанымен жазғандай өзгеше жеткізу бар. Жел қағып, суық сорып тозығы жеткен жағалы ішікті көзге елестетіңізші. Ол бір кезде көз арбаған қырдың қызыл түлкисі еді. Ол бір кезде жоқ-жітіктің қолына түспеген, бидің бұйымы еді. Есікке таман есіліп жатқан осы ішіктің ішінен қаншама сыр оқуға болады демекші. Бір нәрсені оқу үшін сауат керек. Ал мына біз айтып отырған ескі ішіктің сырын сайрату үшін ақындық сауат керек. Ақындық сауат дегеніміз тек қана дарындылық емес. Дарынды болу және адал жүректі, ақиқаттың көзіне тіке қарайтын, батыр болмысты жан болу. Міне, осыдан кейін барып ақындыққа еніп сөйлеу оның бақытын ашады. Иран ақында осының екеуі аяғын тең басады. Сондықтан да оның ақындық сауаты тым биік. Күннің көзіне тіке қарай алатын тек қыран құс екен. Ақиқатқа тек тіке қарай алмасаң, ішіктің ішінде не сыр жатқанын қалай оқисыз.

Иран (Иранбек Оразбаев) ақынның аса сауаттылығы мен сұлу ақындығының сыры осында, мүмкін одан да тереңіректе. Бұлай деуге не себеп? Себебі асыл заттың уақыт өткен сайын сыны арта беретіні секілді, саф алтындай ақындық та заман өтіп, өмір алмасқан сайын жаңа бір қырынан таныла түсері сөзсіз.

Франц Дюманың «Ақырғы алғашқысын өз құшағында аялаған» («Конец баюкают в своих объятиях начало») дейтін сөзі бар екен. Осы сөз бізге ұнайды. Шын мәнінде біздің бүгінгі рухани келбетімізде өткен замандардың бедері бейнеленеді. Сол бір бағзы замандардың салт-дәстүріне ғашықпыз. Оларды орағатып өте алмаймыз. Жарық дүниенің шындығын жарқырата көрсету үшін де ескі ақиқаттың алдына жүгінеміз. Өйткені біздің рух тамырымыз өткен өмірімізде. Мына бір қарапайым мысалға да назар аударсақ болады. Ол біздің Иран ақынның ақындық болмысын, оның өлеңдеріндегі көркемдік келбетті жақыннан көруге жәрдем етеді. Айталық түйе цементтен құйған бағанаға сүйкенсе, ол бағана міз бақпайды. Ал егер көктеп тұрған ағашқа сүйкенсе, ағаш теңсетіледі, бұтақтарының сынып кетуі де ғажап емес. Сонда осының қайсысы мықты? Біз алғашында цемент-бағана мықты ғой деп қаламыз. Егер оған түйе емес, ауыр темір көлік соғылса ше? Онда цемент-бағана сынып түседі, сосын тіктелмейді. Өйткені оның тамыры жоқ. Осы оқиғаны көктеп тұрған ағашқа әкелейік. Ағашта сынады, бірақ ол қайта көктейді. Себебі ол топырақтан нәр алып тұр. Ақындардың, нағыз ақындардың мықтылығы сонда, олар өткен өміріміздің рухани нәрін бойға сіңіре біледі. Бірақ әр ақынның үлесі әр қалай.

Иран ақынның өзгеден бір артықшылығы болса, онда ол оның өз ұлтының рухани қазынасымен мол сусындағаны. Сол рухани азықты дүниетану мұратымен мағыналастыруы. Тағы бір артықшылығы әуелден айтып отырғанымыз оның ақиқатшылығы, нақтылықты сүюі, абстракционизмнен аулақ болуы. Біз бұл ақыннан бұлдыр елес пен әсіре ор иірімдерін әсте

кездестіре алмағанымыз үшін оның ақындық қуатын аса жоғары бағаға лайық деп танымыз.

Заттың, қоршаған ортаның тәуелсіз болмысын – жаратылыстың құпия сырларын саралап, шынайы бейнелеп, адам баласының жігерлі, зиялы, рухани білім-парасат, ойшылдық ерекшелігіне қарай өмір шындығын қаз-қалпында тану өнер зейнетінің негізгі шарты. Олай болса Иран ақын осы шартты аса ақылдылық, көрегенділікпен орындаған. Иран ақында болмыстың жеке бір қырларын имитациялау (еліктеу) жоқ. Оның туындыларында логикалық тұр-тұрпат бейнелілігі зор. Сезім әсерімен байыған, шабытты ізденістерге толы оның өлең-жырлары сол себепті де алмастай ақиқатпен біте қайнасып жатады. Ол өмірдің өрнекті қасиеттерін тек ақиқат көзімен көруге ғана келіседі. Боямашылдыққа бармайды. Оның суреткерлік көзқарасы да тым сұлу.

Бала қайың,  
Еменмен өркені егіз  
Қарама...  
Қарай берсең  
Өртенеміз!  
Өртенеміз,  
Өртейміз өзгені де.  
Өртеп өртсіз өмірден жеркенеміз.[1,45]

Астарлы образдылықты бірден ұғамыз. Бала қайың – жас сұлу. Емен – лирикалық кейіпкер. Лирикалық кейіпкер егде жан, беріш ағашты емен болып отырғаны сонан. Осы өлеңде сүю бар. Бірақ «шідерімді үзіп-ақ кетер едім, шылбырымды сүйретіп қайда барам» дегендей, ендігі жерде жас сұлуды парасатқа үндейді. Сүю – жалын, ол – жастық жалынымен өрши түсіп, өртке айналмақ. «Қарама, қарай берсең өртенеміз...» деп субъект-ақын «бала қайыңға» басу айтады. Асау сезімді ақылға жеңдіреді. Бұл «Қызықпа қыз, ақынға қызықпа, қыз...» дейтін Мұқағали Мақатаевтың өлеңін еске түсіреді. Анығын айтқанда мұның өзі ұлылардағы үндестік сияқты. Бұл – Иран ақынның ұлылығы.

Өз дәуірінің өзекті ағымдарын алдаспандай жарқылдата жырлаған, жан рахатын емес, ақыл азабын тартып қоғамның кертартпа қайшылықтарына басын тіккен, махаббаттың ләззатына мас болмай, қасіретінен күй тапқан ақынды ұлы демеуге хақымыз жоқ сынды.

Иран-Ғайып жырлап отырған жанрлардың (толғау, дастан, поэма, лирика...) негізін оған дейінгі қаламгерлер, лепті тұрғыдан дамытушы. Ол өз оқушысының көркемдікпен қатар көрегенділік қағидаттарын сыйлаушы. Кейбір пікірлерде «Иран-Ғайыпта әдемілік пен сұлулық сирек, оның өлеңдері лирикаға кірікпейді» дегендік кездесіп қалады.

Әдемілік пен сұлулық – рас, эстетикалық құндылық эталоны. Бірақ адамның мінез-құлқы, пиғыл алалығы сиықты қоғамдағы әртүрлі қатынастар келбеті бұл эталонға сыя бермейді. Өмірдің трагедиялық, драмалық жақтары мол. Соның бәрін тілдің шоғына қарып, сезімнің шуағына шомылдыру ер ақынның ісі болмақ. Иран ақында осындай артықшылық бар. Ондағы

имандылық, адами қасиет иірімдері оқушысын ерекше толғанысқа түсіреді. Өмірді сүйеге, күресуге, ақиқаттан айнымауға үндейді.

«Құшағымды көктемгі нұрға жайып,

Өмір сүргім келеді бір ғажайып...», - дейді Иран ақын бір өлеңінде. Осы өлеңде сөз сұлулығы да, өмір сұлулығы да бар. Махаббат пен құштарлық қатар құшақ жаяды. Сонда «Иран-Ғайып өлеңдері лирикаға кірікпейді...» дегендері қайда? Бұл әрине, жете түсінбеу, бәлкім ақынды толық танымаудан туған сөз.[2,128]

Иран-Ғайып кереметтей махаббат жыршысы. Оның туындыларында халықтық пәлсафа мен ұлттық ұстын мол. Дидактика да, лирика да тұнып тұр. Ол қазақ өлеңінің көркем көшін келешекке бастап бара жатқандардың қара нар секілді. Арқасына артылған қап-қап қазына әлі талай ұрпақтың рухани сұранысын өтейтіндігіне еш күмән жоқ. Оның «ғажайып өмірі» алда, келер күндерді. Ақын бақыты дегеннің өзі де осы. Әлемдік өнердің әр дәуірінде қайталанбас келбет, келісті мүсімімен халық жадында, тарих жазуында сақталатын сирек есімдер болады. Поэзиядағы сол есімдердің алдыңғы легінде Иран-Ғайып есімінің орын алуы заңды. Біз бүгінгі еңбегімізді осылай қорытындылаймыз.

Ақынның махаббат тақырыбын бір ғана ғашықтық, сүйіспеншілік сезімі тұрғысынан қарау оның өнер тудыру қуатын нақты көрсете алмас еді. Махаббат сезімінен дәуір тынысын, әлеуметтік өмірді бөліп тастау дұрыс болмайды. Тіпті оның ішінде жаратылыс құбылыстарының да қоса қабат кезігуі заңды. Иран ақынның өлеңдерінде біз айтып отырған атрибуттар мен өлшемдер түгел кезігеді. Яғни онда жалаң сөйлеу, жадағай ой кезікпейді. Нені жырласа да оның көркемдік түйінін негізгі айтар нысанасының астарымен айшықтай жеткізеді. Көпсөзділік, көсемсу Иран ақынға жат қасиет. Алайда айтайын демесе де оның туындыларының өн-бойынан көсемдіктің өзі еріксіз көзге ұрады. Бұл оның кемел ойлылығы, ақиқатпен бетпе-бет келуінен туатын құбылыс. Сондықтан болар Иран ақында оқиға мен ой желісін байсалды баяндаудан гөрі дүлей сезім қуатымен жеткізу алдыңғы орынға шығады. Ащы шындықтың шымырлап шыққын тұма бұлақтың асау сарқырамаға айналғанындай күйге ұласуы ақындықтағы айнамас заңдылық. Бұл заңдылықтың кез келген ақыннан көрініс таба бермейтіні де бар. Оның қайнар көзі ақын дарындылығында жатса керек.

Иран-Ғайып шығармашылығының ерекшелігі – лирикалық туындыларында бүкпесіз ақтарыла жазып, өзіне шүбәсіз сендіре білу күдіретінде. Оның өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі айырықша зор. Құбылтудың, әрі айшықтаудың тобына жататын көркемдеуіш құралдарын қолдану мен көркем сөз-образдарын жасауда ақынның шеберлігі еш ақыннан кем емес, керісінше өзіндік бояуы қанық.

Қорыта айтқанда, Иран-Ғайып поэзиясының көркемдік жүйесінен тақырып әр алуандығы, ізденіс мұраттары, өлең өрісі мен ондағы өмір өнегелері, кеңінен көрініс береді. Ең негізгісі, оның ақындығы адами болмысты бейнелеуден ізгілікке құштарлықтан өмір уақыт тынысын сезініп отырады. Демек, ақын поэзиясындағы көркемдік қабылдау, арналарынан қоғам, кезең көріністері бар сыр-сипаттарымен даралана түседі. Осындай ізденістер

ақынның он үш томдық шығармалар жинағының өн бойынан көрінеді. Ақын өлеңдердің алтын қазығы біреу—халық қамын ойлау. Әсіресе, замана жайынан ой ұқтырып, қоғамның әлеуметтік жағдайын шыншылдықпен шынайы жырлаған сыншылдық сарын әсте қалмай өлең өрімінде бірге дамып отырады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Иран-Ғайып. Сөз патшалығы. – Алматы: Жалын, 1996. - 196 б.
2. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті: Лекциялар курсы. - Алматы: Қазақ университеті, 2003. - 284 б.

Репозиторий Қарғу